

## Қазақстан Республикасының орман қоры аумағында шөп шабу мен мал жаюдың ережесін бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 14 қазан 1993 ж. N 1021. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 9 ақпандағы N 124 қаулысымен

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің "Қазақстан Республикасының Орман кодексін күшіне енгізудің тәртібі туралы" 1993 жылғы 23 қаңтардағы N 1925-XII қаулысын орындау үшін Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының орман қоры аумағында шөп шабу мен мал жаюдың Ережесі бекітілсін және ол 1994 жылдың қаңтарынан бастап күшіне енгізілсін (қоса беріліп отыр).

2. Жергілікті әкімдер жергілікті жерде орман қоры телімдерін шөп шабу және мал жаю үшін бөлген кезде аталған Ереженің орындалуын қамтамасыз ететін болсын.

Қазақстан Республикасының

*Премьер-министрі*

Қазақстан Республикасы  
Министрлер Кабинетінің  
1993 жылғы 14 қазандағы  
N 1021 қаулысымен  
БЕКІТІЛГЕН

**Қазақстан Республикасының орман қоры аумағында  
шөп шабу мен мал жаюдың  
ЕРЕЖЕСІ**

**Жалпы ережелер**

1. Осы Ереже Қазақстан Республикасының орман қоры аумағын шөп шабу және мал жаю үшін пайдаланудың тәртібін белгілейді.

2. Осы Ереже Қазақстан Республикасының орман қоры аумағында шөп шабу мен мал жаюды жүргізуші барлық кәсіпорындар, мекемелер, ұйымдар, басқа да шаруашылық жүргізуші субъектілер және азаматтар (иеленушілер мен пайдаланушылар) үшін міндетті болып табылады.

**Шөп шабу үшін жарамды алаңдарды бөлу**

3. Шөп шабу үшін ең алдымен осы мақсатқа жарамды, орман қоры құрамына енетін ауыл шаруашылық жерінің алаңы бөлінеді.

4. Шөп шабу үшін сондай-ақ орманды табиғи және жасанды жаңарту немесе шөп шабу басталғанға дейін оларды жақсарту жөнінде басқа шаралар жүргізу көзделмеген алаңқайлар мен ағаш өспейтін басқа да алаңдар, сондай-ақ қайта жаңғырту көзделмеген құндылығы төмен көшеттердің жекелеген телімдері п а й д а л а н ы л а а л а д ы .

5. Орман қоры аумағында шөп шабуға арналған алаңдарды орман қоры телімдерінің иелері (орман қоры телімдерін тұрақты иелену мемлекеттік орман шаруашылығы кәсіпорындарына, мекемелеріне, ұйымдарына орман шаруашылығын жүргізу үшін, сондай-ақ қорықтар мен ұлттық парктерге беріледі ) жоспарлы-картографиялық материалдардың, жерге орналастырудың, сондай-ақ түгендеу мен орманды зерттеудің басқа да материалдары негізінде айқындап, жыл сайын дәлдеме жүргізіп отырады.

### **Мал жаю**

6. Жайылымның ғылыми негізделген нормаларына сәйкес қорық ормандарынан, қорғалымдардың жекелеген түрлерінен (олар туралы жеке ережелерге сәйкес), ұлттық және тарихи-табиғи парктерден (шаруашылық қызметі аймақтарынан басқасы), ғылыми маңызы бар табиғи ескерткіштерден, қорық аймағынан, ормандардан, генетикалық резерваттардан, орман парктерінен, ормандағы жеміс көшеттерінен, жасыл аймақтардың орман паркі көлігіндегі қалалық ормандардан, санитарлық қорғаудың бірінші және екінші белдеу аймағындағы ормандардан, сумен жабдықтайтын көздерден және курорттарды, мемлекеттік орман тілкімдерін санитарлық қорғау округтарының бірінші және екінші аймақ ормандарынан, эрозияға қарсы және субальпілік ормандардан, айрықша бағалы орман алқаптарынан, өзен, көл, су қоймалары және басқа су объектілерінің жағалауларындағы ормандардың тыйым салынған тілкемдерінен, Қазақстан Республикасының жазық жердегі және таудағы ормандарын кесуді пайдаланудың ережелеріне сәйкес айрықша қорғалатын орман телімдерінің басқа орман қоры телімдерінде (ағаш өскен және ағаш өспеген, орман емес) мал жаюға р ұ қ с а т е т і л е д і .

7. Ұшар басы мал таптай алмайтын деңгейге дейін өсіп жетілгенше орман желегі мен емдік көшеттер өсірілген алаңдарда, ағаш тұқымдары, дәрілік өсімдіктер өскен плантациялар мен телімдерде, шырша, қарағай, май қарағай, май тал және терек, жаңғақ жемісі мен жеміс-жидек плантацияларында, сондай-ақ орманның табиғи түлеп өсуіне жәрдемдесу жөніндегі шаралар жүргізілетін телімдерде;

жас шыбықтар мен өскіндердің жоғары басы мал таптау мүмкіндігін болдырмайтын деңгейге дейін өсіп-жетілгенше табиғи жас шыбықтар мен

к ө ш е т т е р д е ;

табиғи жолмен орманның түлеп өсуін көздеп ағаш кесу жұмысын жүргізу белгіленген көшеттерде, сондай-ақ Қазақстан Республикасының жазық және таулы жерлердегі ормандарында орманды қалпына келтіру мақсатында, ағаш кесу Ережелеріне сәйкес табиғи түлеп өсу белгіленген ағашы кесілген және басқа ағаш өспеген орман алаңдарында;

жемісті, жидекті, саңырауқұлақты, дәрілік және техникалық шикізаттарды кәсіпшілік дайындау аймақтарында;

топырағы сумен жеңіл шайылатын және желмен ұшуға бейім алаңдарда мал жаюға тыйым салынады.

8. Осы Ереженің 7-тармағына сәйкес мал жаюға тыйым салынған телімдердің тізбесін мемлекеттік орман шаруашылығы кәсіпорындары орман қоры жерлерінде, орман және басқа өсімдіктер қоғамдастықтарының жәй-күйінде болған өзгерістерді, сондай-ақ орманды қалпына келтіру жұмыстары мен орман ресурстарын дайындау өндірісінің жоспарын ескере отырып, жыл сайын анықтайды.

9. Орман қоры аумағынан берілген жайылымдарда малды бақташысыз жаюға тыйым салынады.

Малды бақташысыз жаюға қоршалған учаскелерде немесе байлап жайғанда ғана рұқсат етіледі.

Аңшылық шаруашылық ұйымдастырылған орман қоры аумағында малды ит қосып бағуға жол берілмейді.

10. Орман қоры аумағында ешкі жаюға тыйым салынады. Орман қоры телімдерінің иелері ерекше тәртіппен мал иесі алдын ала қоршаған арнайы бөлінген телімдерде ешкі жаюға рұқсат бере алады.

11. Мал иелері, қажет жағдайда, орман қоры телімі иелерінің нұсқауы бойынша екпе ағаштарды, тұқымбақтарды және басқа орман телімдерін қорғау мақсатында мал мен жайылым жолдарын қоршауға міндетті.

12. Орман қоры аумағында мал жаюдың мерзімін, ғылыми негізделген нормасын орман шаруашылығын басқарудың облыстық органдарының ұсынуы бойынша атқарушы өкіметтің облыстық органдары белгілейді.

### **Шөп шабу мен мал жаю телімдерін бөлудің және пайдаланудың тәртібі**

13. Орман қоры телімдерінің иелері өз жері аумағындағы шөп шабу мен мал жаюға жарамды жерлерден мыналарға:

жер үлесін алуға құқылы орман шаруашылығы қызметкерлеріне шөп шабу үшін қызметтік жер үлесін, сондай-ақ мал ұстайтын аталған қызметкерлерге мал жаю үшін телімдер;

мал ұстайтын, бірақ қызметтік жер үлесін алуға құқығы жоқ орман

шаруашылығы мен ағаш дайындау өнеркәсібі қызметкерлеріне шөп шабу мен мал жаю үшін телімдер;

орман шаруашылығы мен орман өнеркәсібі кәсіпорындарының қоғамдық мал шаруашылығын (қосалқы ауыл шаруашылығын) жеммен қамтамасыз ету үшін, сондай-ақ олардың мемлекеттік және жергілікті мұқтаж үшін шөп тапсырудың белгіленген көлемін орындауы үшін телімдер бөледі.

14. Шөп шабу мен мал жаюға жарамды (осы Ереженің 13-тармағында көрсетілгеннен басқасы) қалған алаңдар туралы мәліметті орман қоры телімдерінің иелері атқарушы өкіметтің аудандық, қалалық органдарына телімдерді бекітіп берудің мүмкін мерзімі жөніндегі ұсыныстармен және телімдерді пайдаланушылар арасында бөлу үшін шөп шабу мен мал жаю басталғанға дейін екі айдан кешіктірмей оларды берудің шарттарымен тапсырады.

15. Орман қоры аумағынан өздеріне шабындық пен жайылымдық жерлер бөлінуіне мұқтаж мал иелері (ұжымдық және жекелеген азаматтар) шөп шабу мен мал жаю басталғанға дейін екі айдан кешіктірмей атқарушы өкіметтің аудандық, қалалық органдарына тиісінше өтінімін, сондай-ақ өтінім иесі орналасқан (тұратын жердегі халық депутаттарының ауылдық, селолық, поселкелік немесе қалалық Кеңесі растаған олардағы малдың саны туралы анықтаманы тапсырады.

Басқа әкімшілік аудандарының орман қоры аумағынан шабындық және жайылымдық жер бөлуге өтінім құжаттары атқарушы өкіметтің облыстық органдарына беріледі.

Шөп шабу мен мал жаю телімдерін бір жылдан астам мерзімге алған пайдаланушылар мал саны туралы анықтаманы жыл сайын жаңартып отырады.

16. Атқарушы өкіметтің аудандық, қалалық, органдары орман қоры иелерінің шөп шабу мен мал жаюға арналған телімдерінің, мал иелерінің өтінім материалдарының, мал азығымен қамтамасыз етудің және жайылымның қолданылып жүрген нормативтері негізінде осы алаңдарды ұжымдық пайдаланушыларға, шаруа шаруашылықтары мен азаматтарға уақытша қысқа мерзімге (3 жылға дейін) және уақытша ұзақ мерзімге (10 жылға дейін, шалғайдағы мал шаруашылығы үшін - 25 жылға дейін) бекітіп беру жөнінде шешім шығарады. Бұл орайда шөп шабу мен мал жаюға арналған телімдерді кезектен тыс алу құқықын:

ауыл шаруашылық кәсіпорындары, сондай-ақ кәсіпорындардың, мекемелердің және ұйымдардың қосалқы ауыл шаруашылықтары, шаруашылықтары;

азамат және Ұлы Отан соғыстарының мүгедектері мен қатысушылары, қаза болған немесе хабарсыз кеткен жауынгерлердің (партизандардың) отбасы және

белгіленген тәртіппен соларға теңестірілген адамдар;  
жауынгер-интернационалистер;

I және II топтағы еңбек мүгедектері және әскери қызметшілер қатарынан I және II топтағы мүгедектер, бала жасынан I және II топтағы мүгедектер; адам өмірін құтқару жөніндегі, мемлекеттік меншік пен құқық тәртібін қорғау жөніндегі мемлекеттік және қоғамдық міндеттерді орындау кезінде қаза тапқан немесе өндірістегі бақытсыз оқиғаның салдарынан қаза болған адамдардың  
о т б а с ы ;

көп балалы және аз қамтамасыз етілген отбасылары;  
мемлекеттік ауыл шаруашылық кәсіпорындарымен немесе тұтыну кооперациясы ұйымдарымен мал шаруашылығы өнімін өндіруге шарт жасасқан  
а з а м а т т а р и е л е н е д і .

17. Шабындық пен жайылымдық жерлерді және орман қоры жерлерін облыс аудандары арасында бөлуді, сондай-ақ басқа әкімшілік аудандардың пайдаланушыларына шалғайдағы мал шаруашылығы үшін жайылым телімдерін ұзақ мерзімге пайдалануға беруді орман шаруашылығы басқармасының облыстық органдары жүзеге асырады. Олар аталған мәселелер жөніндегі шешімдердің шөп шабу мен мал жаю үшін бөлінген телімдерді аталған пайдаланушыларға бекітіп беру үшін атқарушы өкіметтің тиісті аудандық, қалалық органдарына жеткізеді.

18. Атқарушы өкіметтің аудандық, қалалық органдары шөп шабу немесе мал жаю басталғанға дейін екі аптадан кешіктірмей орман қоры телімдерінің иелері мен пайдаланушыларға солар табыс еткен мәліметтер мен өтінімдерге сәйкес шабындық пен жайылымдық жер бөлінгені туралы хабарлайды.

Орман қоры телімдерінің иелері осы Ереженің 24, 25 тармақтарына сәйкес пайдаланғаны үшін ақы төлейтінін куәландыратын аталған шешімдер мен құжаттар негізінде барлық пайдаланушыларға белгіленген үлгідегі орман билеттері берілуін және олардың шөп шабу немесе мал жаю үшін нақты телімдер иеленуін ешбір кедергісіз олардың бәріне қамтамасыз етеді. Орман билетінде пайдаланудың көлемі мен орны, төлем мөлшері, оны жүргізудің мерзімі мен  
ш а р т ы к ө р с е т і л е д і .

19. Берілген телімдерде шөп шабу мен мал жаю орман билетінде көрсетілген мерзімде жүзеге асырылуға тиіс.

Ұзақ мерзім бойы пайдаланылатын телімдерді шаруашылық субъектілері мен азаматтар қатарынан екі жыл бойы пайдаланбаған жағдайда ( шабындық-жайылым айналымын ғылыми негіздеу жүйесіндегі ротация жағдайынан басқа) осы Ережеде көзделген тәртіппен басқа пайдаланушыларға  
б е р і л е д і .

20. Шөп шабу мен мал жаюға арналған телімдер бір жылдан астам мерзімге

уақытша пайдалануға берілген жағдайда орман қоры телімдерінің иелері пайдаланушылармен шаруашылық шартын жасасуға міндетті, онда екі жақтың осы телімдерді пайдалану жөніндегі талаптарымен және өзара қарым-қатынас шарттарымен қатар, соңғыларының өздеріне бөлінген шабындық пен жайылымдық жерлерді қорғау және сапасын жақсарту шараларын жүргізу жөніндегі міндеттері белгіленеді.

21. Орман қоры аумағындағы шөп шабу мен мал жаюға арналған телімдерді пайдалану құқын үшінші адамға беруге жол берілмейді.

22. Орман қоры телімдерінің иелері кәсіпорындардың, мекемелердің, ұйымдардың, басқа да шаруашылық жүргізуші субъектілер мен азаматтардың шөп шабу мен мал жаю үшін өздеріне берілген телімдерді ұтымды пайдалануын және осы Ережені сақтауын жүйелі бақылауды жүзеге асыруға міндетті.

Қазақстан Республикасының орман қоры аумағындағы шөп шабу мен мал жаюға арналған Ереженің сақталуын мемлекеттік бақылауды орман шаруашылығын басқару органдары жүзеге асырады.

#### **Шөп шабу және мал жаюға арналған телімдерді пайдаланғаны үшін ақы төлеу**

23. Қазақстан Республикасының Орман кодексіне сәйкес шөп шабу мен мал жаю телімдерін беру ақы төлеу негізінде жүзеге асырылады.

24. Участкелерді шөп шабу мен мал жаюға пайдаланғаны үшін төлем сомасы орман шаруашылығын басқару жөніндегі аумақтық органдардың есептері негізінде жергілікті өкілді органдар белгілейтін ставкалар бойынша анықталады және мемлекеттік бюджетке енгізуге жатады. <\*>

**Ескерту. 24-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2002.04.15. N 431 қаулысымен.**

#### **Дауларды шешу тәртібі және шөп шабу мен мал жаю телімдерін пайдалану құқығын тоқтату**

25. Шөп шабу мен мал жаюға арналған телімдерді пайдалану туралы ұжымдық пайдаланушылардың, шаруа шаруашылықтарының және азаматтардың арасындағы даулар сот тәртібімен шешіледі.

26. Орман шаруашылығын басқару органдары, орман қоры телімдерінің иелері шөп шабу мен мал жаюға арналған телімдерді пайдалану құқығын мынадай жағдайда мерзімінен бұрын тоқтатуы мүмкін:

а) орманды пайдаланушы берілген телімді пайдаланудан өз еркімен бас тартқанда;

б) кәсіпорындар, мекемелер, ұйымдар, шаруа шаруашылығы - пайдаланушылар қызметін тоқтатқанда;

в) шөп шабу мен мал жаюға арналған телімдерді осы Ережені бұза отырып пайдаланғанда, сондай-ақ мал жаю нормасынан ауытқыған жағдайда;

г) ұтымсыз пайдалану, малды шамадан тыс көп жаю салдарынан, тиімсіз пайдаланудан орман топырағының эрозияға айналуы, өсімдіктер қоғамдастығының тоқырауы, экологиялық жағдайдың нашарлауы байқалғанда:

д) орман билетінде, тараптардың шартында көзделген орманды пайдалану шарттары орындалмағанда;

е) учаскелерді мемлекеттік бюджетке төлемдерді белгіленген мерзімдерде енгізбей пайдаланғанда. < \* >

ж) орманның аталған телімдерін шөп шабу мен мал жаюды одан әрі жүзеге асыру мүмкіндігін болдырмайтын қорғаныс топтары мен санаттарына жатқызғанда, сондай-ақ орманды қалпына келтіру жұмыстарын жүргізу қажет болғанда.

Шөп шабу мен мал жаю телімдерін пайдалануға арналған құқықты тоқтатуды орман шаруашылығын басқарудың мемлекеттік органы, орман қоры телімдерінің иелері берген орман билетінің күшін жоюмен ресімдейді.

Бұл мәселе жөніндегі ақырғы шешімді орман қоры иесінің тиісті ұсынысы бойынша шөп шабу және мал жаю телімдерін аталған пайдаланушыларға бекітіп беру туралы шешім шығарған атқарушы өкімет органы қабылдайды. Бұл орайда аталған телімдерді пайдаланғаны үшін төленген ақы сомасы, "а", "б", және "ж" тармақшаларында көрсетілген жағдайдан басқасында қайтарылып берілмейді.

Пайдаланушылар шөп шабу мен мал жаюға арналған телімдерді пайдалану құқығын тоқтату туралы шешіммен, сондай-ақ орман қорының иелері атқарушы өкімет органдарының шешімімен келіспесе, олар бұл жөнінде сот тәртібімен шағымдана алады.

**Ескерту. 26-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2002.04.15. N 431 қаулысымен.**

### **Пайдаланушылардың жауапкершілігі**

27. Пайдаланушылар шөп шабу мен мал жаю үшін орман қорынан өздеріне берілген телімдерде осы Ережелерді бұзғаны, өріс нормасын арттырғаны, өз бетімен шөп шапқаны немесе мал жайғаны, соның ішінде бұл үшін рұқсат етілмеген телімдерді және басқа тәртіп бұзу салдарынан шабындық пен жайылымды бүлдіргені, ағаштарды, шіліктерді және көшеттерді, жаңғақ, жеміс, жидек, саңырауқұлақ, дәрілік және техникалық шикізат дайындалатын кәсіпшілік алқаптарды жойғаны немесе бүлдіргені үшін кәсіпорындар, мекемелер, ұйымдар және азаматтар Қазақстан Республикасының заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің арнаулы нормативтік актілеріне сәйкес қылмыстық, әкімшілік және материалдық жауапкершілікке тартылады.

